

Ж.Қағазбаев, Д.Б.Нығметжанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zhan_1952@mail.ru)*

Шетел тілі мұғалімінің құзыреті мен құзыреттілігі негізгі акмеологиялық категориялар ретінде

Мақалада осы уақытқа дейін бірыңғай көзқарасқа ие болмаған «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары қазіргі заманғы әдістемелік ғылым тұрғысынан қарастырылды. Сонымен қатар зерттеу барысында олардың өзара байланысы, өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары айқындалып, сипатталды. Оқушы тұлғасына бағыттылығымен, оқытылатын тіл құралдары арқылы білім алушының өз бетімен даму қабілеттерінің жетілуімен сипатталатын құзыреттілік әдісін зерттеумен айналысқан отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлеріне сараптама жасалған.

Кілт сөздер: құзырет, құзыреттілік, біліктілік, кәсіби шеберлік, қабілет, құзыреттілік әдісі.

Шетел тілінен білім берудегі түпкі мақсат — екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру, яғни, қос тілді, қос мәдениетті меңгерген білім алушыны даярлау деген тұжырымға саяды. Ал мақсаттың негізін білім, мағлұматтар, біліктер, қабілеттер және құзыреттер құрайды. Осы орайда білім беруде құзыреттілік әдісін басшылыққа алу көкейкесті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселенің ойдағыдай шешімі шетел тілін оқыту мазмұнын анықтауда терминдер жүйесін нақтылау әрекетімен тығыз байланысты.

«Құзыреттілік» пен «құзырет» ұғымдары педагогикалық қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін бағалау барысында жиі қолданылғанымен, қазіргі уақытқа дейін аталмыш ұғымдардың толымды әрі нақты мағынасы берілмеген, сонымен қатар қос ұғымның өзара ара жігі де ажыратылмаған.

Кейбір анықтамалық және ғылыми басылымдарда, соның ішінде әдістемелік әдебиеттерде «құзыреттілік» пен «құзырет» ұғымдары бір мағыналы, синонимдес терминдер ретінде қолданылады. Дегенмен, Т.Білдебаевтың «Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігінде» «құзырет» (латын тілінде *competentia* — құқығы бойынша тиесілік, *compeo* — лайықты болу, сәйкес келу, күш салу, орыс тілінде компетенция) — белгілі бір саладағы білімдер мен тәжірибе, қайсыбір адамның ерекше хабардар мәселелерінің ауқымы деп көрсетілген [1]. Ал «құзыреттілік» деп маманның құзыреттерді игеріп, оны қызмет барысында тиімді пайдалана білуді айтады. Латын тілінен аударғанда «өз ісін жетік білу», «танымы мол, тәжірибелі», «қабілетті» деген мағыналарды білдіреді. Қос ұғымның мән-мағынасы жақын әрі өзара байланысты болғанымен, феноменологиялық тұрғыдан екі түрлі термин болып келеді. «Құзырет» «құзыреттілік» ұғымының құрамдас бөлігі болса, құзыреттілік құзыреттер негізінде қалыптасады. Бұл пікірді білім беру саласында құзыреттілік бағытын зерттеумен айналысып жүрген ғалым А.В.Хуторской өзінің «Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения» еңбегінде білдірген. Кейін бұл көзқарасты Ю.В.Фролов, Д.А.Махотин, Ю.Г.Татур одан әрі дамытты. Аталмыш пікір бойынша, «құзыреттілік» ұғымын «құзырет» ұғымының синонимі ретінде емес, жеке термин ретінде қолданған жөн [2].

Бұл ұғымдардың қалыптасу жолдарын қысқаша қарастырайық. «Құзырет» ұғымы 60 жылдары АҚШ-та еңбек нарығында бәсекелестікке түсе алатын мамандарды даярлау мақсатында әрекеттілік негізде білім беру аясында (*performance based education*) қолданысқа ие бола бастады. «Құзыреттер» және «құзыреттілік» (*competences and competency*) ұғымдарын ажырата білу ұсынылды. Құзыреттілік-тұлғалық категория, ал құзыреттер тізімі оқу бағдарламаларына енгізіліп, құзыреттіліктің негізін құрайды деген пікір қалыптасты. Соңғы ұғым құзыреттер кешені ретінде, яғни, табысты, продуктивті іс-әрекеттің бақылап-байқауға болатын көрінісі ретінде қарастырылды. Еуропа мемлекеттерінде ХХ ғасырдың соңында және ХХІ ғасырдың бас кезеңінде жоғары кәсіби білім беру жүйесінің құрылымында, бағалау үдерістерінде орын алған өзгерістер жоғары білімнің қорытынды-мақсатты негіздемесіне әсерін тигізбей қоймады. Ең алдымен, білім алушыларды кәсіби даярлау барысында олардың бойында білім мен біліктен басқа, құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі туындады (Еуропа кеңесінің Берн симпозиумы, 1996 ж.). Алғашында, құзыреттер деп адамның жеке тұлғасы мен

қызметінің 40 түрлі қасиеттері мен ерекшеліктері (мотивация, интерактивтілік, жауапкершілік, сәттілікке бағдарлану, дербестік, әрекетті талдай алу қабілеті және т.б.) аталды. Кейін «құзырет» ұғымының мағынасы кеңейе түсіп, ол оқу нәтижесіне әсер ететін факторлардың (психофизиологиялық, психологиялық, білімдік, қызметтік және т.б.) жиынтығы, яғни білім алушы субъектінің жеке қасиеттерімен қатар, оның білімі мен білігінің қосындысы деп тұжырымдалды. Одан кейін, құзыреттер әмбебап (жалпы мәдени), жалпы кәсіптік және арнайы құзыреттер болып жіктелді. Бұл тұрғыда «құзырет» ұғымының үш негізгі мағынасын ажыратқан жөн.

А.В.Хуторскойдың пайымдауынша, бұл ұғымның педагогикалық мағынасы — әрекет нысанына тұлғаның қатынасын анықтайтын адамның нақты құзыретті меңгеруі. Осы көзқарас бойынша, синоним ретінде қолданылатын «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарын ажырата білу қажет. Яғни, «құзырет» дегеніміз — оқушының белгілі бір қызмет саласында сапалы әрі өнімді жұмыс жасауы үшін қажетті білімдік дайындығына қойылатын алдын ала әлеуметтік міндеттелген талап (норма). Құзырет тұлғаның бір-бірімен байланысты қасиеттерінің (мотивация, білім, білік, дағды, әрекет амалдары) жиынтығын қамтиды, ал құзыреттілік болса, жөні бөлек құбылыс, ол маманның нақты құзыретті игеруін және әрекет нысанына тұлғаның өзіндік көзқарасын анықтайды [3].

«Құзырет» ұғымының психологиялық-практикалық мағынасы ХХ ғасырдағы сәттілікке жетуге ынталандыру бойынша жарияланған еңбектерде (Н.Heckhausen, R.White, D.C.McClelland) жиі кездеседі. Бұл көзқарас бойынша, құзырет — білім мазмұнын игеру және одан әрі қызмет етуге мүмкіндік беретін адамның зияткерлік, жеке дара қасиеттері, оның психологиялық мінездемесі, білім және білікпен қоса игерілетін психологиялық шарт. Бұл бағыттың аясында, құзыреттер тізімдемесі кеңейе түсті. Атап айтқанда, Дж.Равеннің еңбегінде құзыреттің 37 компоненті берілген. Оның ішінде, өз-өзіне деген сенімділік, өзін-өзі ұстай білу, сыни ойлау, шешім қабылдай алу қабілеті, табандылық, жеке-бас жауапкершілігі, қатысым субъектілерінің ой-пайымдарын ескере отырып, олардың пікірімен санаса білу қабілеттері және т.б. [4].

Құзыреттің лингво-психологиялық мағынасы тұрғысында, ол — ішкі психикалық түзілім, белгілі бір бағдарлама деп қарастырылады. Құзыреттің бұл мағынасы Н.Хомскийдің тілдік «құзырет» (сөйлеушінің немесе тыңдаушының өз тілін білуі) пен «тілді қолдана білу» (*performance*), яғни, нақты бір жағдаяттарда сөйлей алу жөніндегі тұжырымдамасынан бастау алады. Тек «қолданыс» (*performance*) аясында ғана адамның жеке-дара қасиеттері мен психологиялық мінездемесі айқындалады. Бұл тұрғыда, «қолданыс» (*performance*) «құзыреттілік» ұғымымен мағыналас болып келеді [5].

Жоғарыда айтылған пікірлерді сараптай отырып, «құзырет» жөнінде келесі тұжырымдарға келуге болады:

1. Алдын ала іріктеліп, құрылатын, дидактикалық тұрғыдан ұйымдастырылатын, игеруге міндетті білім мазмұны (педагогикалық мағынасы).

2. Субъектінің белгіленген білім мазмұнын сәтті игеру үшін қажетті зияткерлік, психофизиологиялық қасиеттері, бұл мағынада «құзырет» ұғымы «білім» мен «білік» ұғымдарын қамтитын «қабілет» сөзінің синонимі ретінде қолданылады (психологиялық-практикалық мағынасы).

3. Игерілетін немесе игерілген, бірақ әлі де іс жүзінде толыққанды қолданылмаған білім мазмұны, психикалық түзілім, білім мен оны қолдану бағдарламалары, әдіс-тәсілдері мен іс-әрекеттер алгоритмі (лингво-психологиялық мағынасы) [2; 5].

Екінші тармақта берілген «құзыреттің» мағынасын «құзыреттілік» ұғымының алғышарты немесе негіздемесі ретінде қарастыруға болады. Бұл орайда «құзыреттілік» — әр түрлі міндеттерді жүзеге асыру барысында, басқа адамдармен қарым-қатынас жасағанда айқындалатын адамның зияткерлік және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері, білімінің негізінде қалыптасатын жеке-дара қасиеттері. Атап өтер жайт, құзыреттілік құзыреттің баламасы емес, оның сапалы жиынтығы болып табылады. Құзыреттілік — құзыреттердің негізінде қалыптасатын күрделі әрі алуан түрлі құрылымдар. Ол білім беру үрдісінің барысында игеріліп, оның қорытынды нәтижесі болады. Э.Зеер, О.Шахматова құзыреттілікті кәсіби білім мен біліктің жиынтығы, кәсіби іс-әрекетті орындаудың әдіс-тәсілдері деп тұжырымдады. Ғалым М.Чошанов құзыреттілікті білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарастырса [6], И.А.Зимняяның пікірінше, құзырет — білік, дағды мен қабілеттер қосындысы және де оны танымгерлік, кәсіби қызметтер барысында қолдануға даяр болуды білдіреді. Ал құзыреттілік болса, мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық, құндылықты-мағыналық және эмоционалды-еріктік компоненттерден тұратын тұлғаның әлеуметтік-кәсіби қасиеті болып табылады [7].

Құзыреттілік жинақтаушы ұғым ретінде деңгейлік құрылымға ие. Аталмыш құрылым үш дейгейден тұрады. Төменгі базалық деңгейге зияткерлік іс-әрекеттер (талдау, синтездеу, жалпылау,

жоспарлау, болжау) жатады, бұл деңгейдің қалыпты даму кезеңі құзыреттіліктің алғышарты болып табылады. Екінші деңгейге тұлға құзыреттілігінің сипатын анықтайтын жеке-бас қасиеттері кіреді. Атап айтқанда, мақсаттылық, жауапкершілік, дербестік, жинақылық, креативтілік және т.б. Құзыреттілік құрылымының үшінші деңгейіне құзыреттіліктің ішкі мазмұны, компоненттік құрамы жатады. Оған келесі аспектілер енеді:

1. Құзыреттілік мазмұнын білу (когнитивтік аспект).
2. Әр түрлі қалыпты және қалыпты емес жағдайларда өз құзыреттілігін көрсете білу білігі (мінез-құлықтық аспект).
3. Құзыреттіліктің мазмұнын, үдерісін және нәтижесін құндылықтар тұрғысынан сараптау (құндылықты-мағыналық аспект).
4. Құзыреттілік үдерісі мен нәтижесін эмоционалдық-еріктік реттеу (реттеу аспектісі).
5. Түрлі жағдаяттарда әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу барысында құзыреттілік әлеуетін іске асыруға дайын болу (мотивациялық аспект) [2; 7].

Мұғалімнің құзыреттілігі — нақты уақыт шеңберінде және сәтті педагогикалық еңбек нәтижелерінен көрінетін тәжірибелік-бағдарланған білімдер, біліктер және стратегиялар. Басқа әріптестері «кәсіби олқылықтар» жібергенде немесе орын алған мәселені шешуден бас тартқан уақытта құзыреттілік әлеуеті мол мұғалім сүбелі нәтижеге ие болады. Мысалы, аса талапшыл ата-аналармен жұмыс жасағанда кикілжіңдерді еңсеру, жаңа стандарттар бойынша бағдарламалар әзірлеу, жаңа буын оқулықтарымен жұмыс жасауға көшу, жаңа білім беру технологияларын қолдану, ғылыми-әдістемелік экспериментке қатысу және тағы басқа ұстаздың кәсіби шеберлігі мен дарыны ұштасқан болмысына сай іс-әрекеттер.

Өз кәсіби қызметін сәтті жүзеге асыру үшін мұғалім негізгі, пәндік және арнайы құзыреттер тобын игеруі міндетті.

Қолдану аясы кең, әрі әмбебап болып келетін құзыреттер «негізгі құзыреттер» деп аталады. Негізгі құзыреттер маманның жан-жақты болуын қамтамасыз етеді. Еуропа кеңесі негізгі құзыреттердің бес тобын ажыратты:

- саяси және әлеуметтік құзыреттер, яғни тұлғаның өзіне жауапкершілік алу, басқа адамдармен бірлесе мәселені шешіп, оның жүзеге асырылуына қатысу, әр түрлі этномәдениеттер мен діндерге толеранттылықпен қарау, жеке мүддесін кәсіпорын мен қоғам қажеттіліктерімен үйлестіре білу қабілеттері;
- мәдениетаралық құзыреттер — түрлі ұлт, мәдениет, дін өкілдерінің өзара түсіністік, сыйластық, құрмет негізде қарым-қатынас жасауы;
- коммуникативтік құзырет дегеніміз — әр түрлі тілдерде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау технологияларын меңгеру (оның ішінде компьютерлік бағдарламалау, Интернет желісі арқылы қарым-қатынас жасау);
- әлеуметтік-ақпараттық құзырет — ақпараттық технологияларды меңгеру, БАҚ-тағы ақпаратқа сыни көзқараспен қарау;
- жеке-бас құзыреті — өзінің білім беру деңгейін тұрақты арттыруға дайын болу, жеке-бас әлеуетін толыққанды іске асыру қажеттілігінің болуы, өз бетімен білім мен біліктерді игеру, өзін-өзі дамыту қабілеттері.

Негізгі құзыреттер кез келген мұғалімнің қызметін сипаттайды. Яғни барлық мұғалімдер оқушыларға білім беріп, педагогикалық мақсаттарға қол жеткізіп, оқу нәтижелерін бақылауға міндетті. Қажетті ақпаратты іздестіру, өзінің теориялық және практикалық білімдерін дамытып, көрсете білу, әр оқушының танымгерлік мүмкіндіктерін ашу, көрнекі графикалық құралдар мен компьютерлік технологияларды қолдану да маңызды. Негізгі құзыреттерге көрсету, түсіндіру, машықтану, зерттеу, бағалау сияқты жалпы дидактикалық әдістерді сәтті қолдану жатады. Оқушылар және олардың ата-аналарымен бірлесе жұмыс жасай отыра, олардың жағдайын түсіне отырып, қарым-қатынас барысында көшбасшы бола білу де мұғалімнің кәсіби қызметінің сапалы көрсеткіші.

Шетел тілі мұғалімдерінің пәндік құзыреттерінің негізгі құзыреттерден айырмашылықтары бар. Аталмыш құзыреттің аясында жаңа буын оқулықтарын құрастыру, оқу-әдістемелік құралдарын сауатты түрде енгізу, жаңа оқу-әдістемелік кешендерді объективті бағалап, уақытында оларға көшу, жетіспейтін әдістемелік материалдарды әзірлеп, оқушылардың жобалық жұмысын ұйымдастыру талап етіледі. Мұғалім оқу үдерісін білім беру тұрғысынан қарастырып, «лингвистикалық педагогика» саласының сарапшысы болуы маңызды. Бұл үшін оқушылардың тілдік қабілеттерін, когнитивтік стильдерін ескере отырып, оқу материалын меңгеруде орын алған қиыншылықтардың

себептерін, оқушының өз бетімен жұмыс істей білу қабілетінің деңгейін, тұлғаның даму ерекшелігін анықтай білуі қажет.

Арнайы құзыреттердің санатына АКТ құзыреті де жатады. АКТ құзыреті деп шетел тілін оқыту және оқытылатын тіл мәдениетімен таныстыру мақсатында Интернет-ресурстарын және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана білу қабілетін айтамыз. Бұл құзыреттің құрылымына келер болсақ, ол бес түрлі өзара байланысты компоненттерден тұрады:

1. Құндылықты-мотивациялық компонент шетел тілі мұғалімінің білім беру барысында АКТ меңгеру мен қолдануға деген құндылықты бағдары мен мотивациясының болуын анықтайды.

2. Когнитивтік компонент шетел тілі мұғалімінің бойында шетел тілін оқыту үдерісіне АКТ енгізуге қажетті білімнің (теориялық және практикалық) болуын айқындайды.

3. Операциялық компонент шетел тілін оқыту барысында АКТ-ны тәжірибе жүзінде қолдану қабілетінің даму деңгейін көрсетеді.

4. Коммуникативтік компоненттің құрамына мұғалімнің шетел тілін оқыту барысында АКТ-ны қолдану қажеттілігі туралы пікірін айқын әрі дәйекті білдіріп, әріптестерін және басқа да адамдарды сендіре білу қабілеті енеді.

5. Рефлексивтік компонент мұғалімге АКТ қолдану арқылы шетел тілін оқытуды ұйымдастыру нәтижелерін бағалауға, өз кәсіби қызметін талдауға мүмкіндік береді [8].

Ойымызды жинақтай айтсақ, пәндік құзыреттер оқушылардың бойында тілдік білімдерді қалыптастырудың тиімді технологияларын қолдану арқылы таңдалған оқыту әдістемесінің іске асырылуын қамтамасыз етеді. Тәжірибелі мұғалім пәндік құзыреттердің көмегімен әдістемелік материалдарды әзірлейді, сонымен қатар мектеп оқушыларын оқыту, білім беру, тәрбиелеу, дамыту және педагогикалық үдерісті басқару әрекеттерін іске асырады. Шетел тілі мұғалімінің пәндік құзыреттері арнайы құзыреттер есебінен елеулі түрде толықтырылып отырады.

Мұғалімнің арнайы құзыреттері ерекше кәсіби міндеттерді жүзеге асыру үшін қажет. Мысалы, арнайы бағыт бойынша оқытылатын сыныптарда сабақ беру үшін арнайы (әр түрлі деңгейде оқыту) бағдарламаны түзу, бейіндік білімдерді, пәнаралық байланысты белсенді түрде орната білу қабілеті арнайы құзырет санатына жатқызылады. Бұл құзыреттер шетел тілінен сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру барысында да аса маңызды. Атап айтқанда, оқушылардың шығармашылық тобын құру, пән аясында үйірмелер мен клубтарды ұйымдастыру, оқушыларды білім сайыстарына, ағылшын тілді лагерьлерге тарту кезінде айқын байқалады. Сонымен қатар мұғалімнің арнайы құзыреттеріне жаңа буын оқулықтарды әзірлеп, басып шығару, редакциялау, эксперименттік аландарда жаңа технологияларды сынақтан өткізу жатады. Педагог өз ғылыми-зерттеу қызметін жемісті түрде жүзеге асыру үшін арнайы құзыреттер қажет етіледі. Жоғарыда аталған құзыреттер мұғалімнің құзыреттілік мінездемесін толықтыра отырып, кәсіби акме-шыңына жетелейді [9].

Көп жағдайда шетел тілі мұғалімдері пәндік құзыреттерді аса жоғары деңгейде игереді. Онымен салыстырғанда, негізгі немесе арнайы педагогикалық құзыреттерге аз көңіл бөлінеді. Мінезі «қиын», үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жасау барысында аса маңызды арнайы құзыреттердің негізгі және пәндік құзыреттермен қатар қажеттілігі айқын сезіледі. Сонымен қатар мектеп бағдарламасына енетін басқа пәндермен салыстырғанда кейбір мектептерде оқушылардың шетел тілі пәнінен білім алу жетістіктерінің төмендеу болуы да назар аударарлық жағдай [9; 16].

В.Байденконың пайымдауынша, кәсіби құзыреттер — кез келген істің талаптарына сәйкес орынды әрекет етуге дайын болу, міндеттер мен мәселелерді өз бетімен және әдістемелік тұрғыдан дұрыс шешу, сонымен қатар қызметінің нәтижелерін өз бетімен бағалау қабілеттері. Ол түрлі қызмет салаларына тән біліктер, әдістемелік және техникалық амалдар [10].

Педагогтың құзыреттілігі оқушылардың құзыреттілігімен өзара байланысты біртұтас ұғым. Оқу үдерісінде мұғалім оқушылармен сыйластық, әріптестік негізде жұмыс жасағанда ғана, мұғалім құзыреттілігінің шынайы мәні ашылады: мұғалімнің құзыреттілігі оқушы құзыреттілігін қалыптастыру үшін игеріледі. Мұғалім мен оқушының құзыреттіліктері коммуникативтік құзырет арқылы түйіседі.

Коммуникативтік құзырет бірнеше компоненттерден құрылады: лингвистикалық (қарым-қатынас жасаудың тілдік әдіс-тәсілдерін тәжірибе жүзінде игеру), дискурсивтік (әр түрлі типті, стильді, жанрдағы мәтіндерді байыпты құрудың коммуникативтік біліктері), прагматикалық (сөйлеу әрекетінің мақсатына қол жеткізу және сөйлеу амалдары арқылы қажетті нәтижені алудың коммуникативтік біліктері), стратегиялық (тілдік және зияткерлік кедергілерді жою арқылы толық түсіністікті қамтамасыз ете отырып, еселі нәтижеге қол жеткізудің тиімді төте жолдарын іріктеу

білігі), мәдени (төл мәдениет пен мәдени көзқарас жөнінде ақпарат беру, әлеуметтік тану әдіс-тәсілдері арқылы бөгде мәдениетті қабылдай алу, мәдениеттер үнқатысында дәнекер рөлін атқару білігі).

«Құзырет» ұғымының негізінде қалыптасқан құзыреттілік әдісі шетел тіліне оқыту сапасын жетілдірумен тікелей байланысты.

Кәсіби шебер мұғалімнің құзыреттілік болмысын жасау үшін құзыреттер градациясын қолдануға болады, сол арқылы мұғалім құзыреттілігінің күшті және әлсіз компоненттері анықталады, кәсіби шыңдалудың бағыты белгіленеді, нақты бір мұғалім өзінің жеке әлеуетін толық көлемде іске асыра алатын қызмет желісі айқындалады. Құзыреттілік әдісі арқылы назарды кәсіби қызметтің басымды жақтарына аударып, шетел тілі мұғалімі өз кәсібінде өз-өзін айқындап таныта алатын аса қолайлы жағдайларды құруға болады.

Құзыреттілік әдісі — білім беру нәтижесіне баса көңіл бөлетін әдіс, бұл тұрғыда мақсатты нәтиже меңгерген ақпарат жиынтығын емес, адамның әр түрлі проблемалық жағдаяттарда әрекет ету қабілеттілігін білдіреді. Басқаша айтқанда, құзыреттерді игерген тұлғаның қабілеттерін, яғни, оның қандай әрекет амалдарын меңгергенін, не істей алатынын, неге дайын екенін анықтау, шынайы мақсатқа жету жолдарын таба білу қабілетінің болуы аталмыш әдістің зерттеу нысаны болып табылады [6; 46]. Алайда құзыреттілік әдісінің аясында тілдік қабілеттер, дағдылар мен біліктер кешені мен құзыреттілік арасындағы айырмашылықтары қазіргі уақытқа дейін айқын анықталмағандықтан, бұл әдіс туралы кереғар пікірлердің болуы оның толық зерттелмеуінен, даму үстінде екендігінен туып отыр [11].

В.А.Байденко, А.А.Вербицкий, И.А.Зимняя, А.В.Хуторскойдың пікірлерінше, құзыреттілік әдісі — қазіргі заманғы жоғары кәсіби білім беру жүйесінің әдіснамалық іргетасы іспеттес. Сонымен қатар В.А.Байденко кәсіби білім беру саласында біліктілік әдісінен құзыреттілік әдісіне көшу үдерісінің орын алуы мүмкін деп пайымдайды.

Ғалымдырдың пікірінше, құзыреттілік әдісінің пайда болуына себепші болған проблема бүгінгі таңдағы білім беру мазмұнының «қазіргі заманғы экономика мен өркениеттің сұранысына» сәйкес болмауынан туындап отыр. Демек, құзыреттілік әдіс — қоғамымыздың қазіргі даму сатысында білім беру мекемелерінің білім алушыларды еңбек нарығына сай даярлау үдерісіне жасалған алғашқы кадам.

Шетел тілін оқыту барысында құзыреттілік әдісті іске асыруда қолданысқа ие болатын білім беру технологиялары төменгі сипатта болуы керек деген пікірге қосыламыз:

- жеке-бағдарлы оқыту технологиясы;
- модульдік технология;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- кейс-стади (жағдаяттық талдау);
- жоба технологиясы — оқушыларды шығармашылық және зерттеу жұмысына тарту;
- ынтымақтастық негізде оқыту — сабақ үстінде психологиялық жайлы ахуалды қалыптастыру;
- сыни ойлау технологиясы және SWOT-талдау.

Мұғалімнің құзыреттілігін талдап бағалау кезінде әңгіме-сұхбаттың маңызы зор, себебі оның барысында мұғалімнің педагогикалық тәжірибесі, қызмет нәтижелеріне өзінің берер бағасы, кәсіби даму бағдары, әріптестер мен тұлғалардың мұғалімге деген сыни көзқарасы айқындалады. Аталмыш әңгіме-сұхбаттардың материалдарының негізінде мұғалімнің құзыреттілігі туралы белгілі бір ой-тұжырым жасауға болады.

«Құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдары бір-бірімен байланысты, бірақ синоним емес, дара, жеке мағынаға ие терминдер деп нық сеніммен айтуға болады. Құзыреттілік құзыретке қатысты жинақтаушы ұғым.

Құзырет дегеніміз — мұғалімнің сапалы, әрі өнімді әрекет жасауы үшін қажетті білім деңгейіне қойылатын алдын ала әлеуметтік міндеттелген талап, білім мазмұнын игеру мен одан әрі қызмет етуге мүмкіндік; адамның зияткерлік, жеке дара қасиеттері, оның психологиялық мінездемесі, білім және білікпен қоса игерілетін психологиялық шарт, ішкі психикалық түзілім, белгілі бір бағдарлама, қабілет ұғымымен мағыналас қасиет. Сонымен қатар Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен оның негізінде әзірленетін жұмыс бағдарламаларына сәйкес болашақ мұғалім игеретін немесе игерген білім мазмұны (білім, дағды, білік кешені).

Құзыреттілік — құзыреттердің негізінде қалыптасатын, оқыту мен әлеуметтену үдерістерінің барысында тұлғаның меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы, мұғалім мен оқушы арасындағы қатысымда ғана бұл ұғым өзінің шынайы мағынасына толық ие болады. Қос субъектінің (мұғалім мен оқушының) құзыреттілігі бір арнада түйісуі қажет. Құзыреттілік — қоршаған ортадағы белгілі бір салада қатынас жасауды қамтамасыз етуге қажетті құзыреттерден тұратын кешенді тұлғалық ресурс.

Қорыта айтқанда, мұғалімнің құзыреттілігі қызметінің барысында айқындалып, оның әр түрлі қызметтік орталарда игерілген құзыреттерді іске асыра білу қабілетін көрсетеді. Шетел тілі мұғалімінің құзыреттілігі — кәсіби шеберліктің шыңына жету кепілі, демек, құзырет пен құзыреттілік ұғымдары оқу-тәрбие үдерісінде негізгі акмеологиялық категориялар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Білдебаев Т.* Қазіргі заманғы ұғымдар мен терминдердің қысқаша түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2001. — 134 б.
- 2 *Зимняя И.А.* Компетенция и компетентность в контексте компетентностного подхода в образовании // *Иностранные языки в школе.* — 2012. — № 5.
- 3 *Хуторской А.В.* Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. — М.: Изд-во МГУ, 2003. — 416 с.
- 4 *Равен Дж.* Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. — М.: Когито-Центр, 2002. — 400 с.
- 5 *Хомский Н.* Аспекты теории синтаксиса. — М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972. — 129 с.
- 6 *Абдыкадырова Ж.* Компетенттік әдіс қазіргі шеттілдік білім берудегі педагогикалық теория ретінде // *Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері.* — 2014. — № 1.
- 7 *Зимняя И.А.* Ключевые компетенции — новая парадигма результата современного образования // *Интернет-журнал «Эйдос».* 2006. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm>.
- 8 *Зеер Э.Ф., Сыманюк Э.Э.* Компетентностный подход к модернизации профессионального образования // *Высшее образование в России.* — 2005. — № 4. — С. 22–28.
- 9 *Мильруд Р.П., Карманов А.С.* Компетентность учителя иностранного языка // *Иностранные языки в школе.* — 2012. — № 1.
- 10 *Байденко В.А.* Компетенции в профессиональном образовании // *Высшее образование в России.* — 2004. — № 11. — С. 3–13.
- 11 *Norris N.* The trouble with competence // *Cambridge journal of education.* — 1991. — Vol. 21 (3).

Ж.Қағазбаев, Д.Б.Ныгметжанова

Компетенция и компетентность учителя иностранного языка как основные акмеологические категории

В данной статье раскрывается содержание понятий «компетенция» и «компетентность» с точки зрения современной методической науки, которые до сих пор не получили однозначного толкования. В ходе исследования изучены их взаимосвязь, характерные особенности и различия. Приведен анализ взглядов отечественных и зарубежных исследователей компетентностного подхода, который характеризуется направленностью на личность учащегося, совершенствование его способностей к саморазвитию средствами изучаемого языка.

Zh.Kagazbayev, D.B.Nygmethanova

Competence and competency of a foreign language teacher as main acmeological categories

This article deals with the concept of «competence» and «competency» from the point of view of modern methodology of science, who still have not received a single interpretation. The views of home and foreign researchers on competency-based approach characterized by centering on the identity of the learner, perfecting his/her abilities to self-development by means of the target language are also analyzed.

References

- 1 Bildebayev T. *Explanatory dictionary of modern notions and terms*, Almaty, 2001, 134 p.
- 2 Zimnyaya I.A. *Foreign languages in school*, 2012, 5.
- 3 Khutorskoy A.V. *Didactic heuristic. Theory and technology of creative teaching*, Moscow: Publishing MSU, 2003, 416 p.
- 4 Raven Dzh. *Competency in modern society. Elicitation, development and implementation*, Moscow: Cogito-center, 2002, 400 p.
- 5 Chomskiy N. *Aspects of syntax theory*, Moscow: Publishing MSU, 1972, 129 p.
- 6 Abdykadyrova Zh. *Foreign languages in Kazakh schools*, 2014, 1.
- 7 Zimnyaya I.A. *Internet journal «Eidos»*, 2006, www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm.
- 8 Zeyer E.F., Symanyuk E.E. *Higher education in Russia*, 2005, 4, p. 22–28.
- 9 Millrood R.P., Karmanov A.S. *Foreign languages in school*, 2012, 1.
- 10 Baydenko V.A. *Higher education in Russia*, 2004, 11, p. 3–13.
- 11 Norris N. *Cambridge journal of education*, 1991, 21 (3).

ӘОЖ 378.16

А.О.Мұхаметжанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: Aigul_mo@mail.ru)

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау

Мақалада білім беру сапасын көтеру, болашақ мұғалімді даярлау мәселесі айтылған. Аталмыш мәселеде педагогикалық инновацияны пайдалану проблемасы болашақ педагогтарын даярлаудың аспектісі ретінде алынды. Сондықтан болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық инновацияны пайдалану ерекшелігін қарастыру керек. Оларды даярлауда арнайы курстың маңыздылығы көрсетілді. Болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық инновацияны пайдалану жөнінде арнайы курстың мазмұны, мақсат, міндеттері, құрылымы ұсынылды. Оқу процесінде енгізілген арнайы курстың нәтижелері талданды.

Кілт сөздер: педагогикалық инновация, болашақ маманды даярлау, арнайы курс, ауыл мектебі, мектептегі білім беру, оқу процесі.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Мен сіздерге — жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», — деген. Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасап келеді. Елбасы бұл Жолдауында мемлекетте білім алып, еңбек етіп жатқан азаматтарға ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруді міндеттеп отыр. Әрине, біздің еліміз үдемелі индустриалды-инновациялық бағытта шарықтап, тез дамып келе жатқан елдердің қатарында. Сол себепті жаңа өзгерістерге әр уақытта да қазақстандық азаматтардың дайын болулары керектігін Елбасымыз ашық айтты. Елбасының осындай саясатын жете түсінген ел азаматы өзінің кәсіби біліктілігін үзбей жетілдіріп, озық технологияларды меңгеру жолында тынымсыз еңбек етуі керек шығар [1].

Елбасы өз Жолдауында прагматикалық стратегия құра отырып, қазақстандықтарға жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу мақсатын қояды. Ол үшін инновациялық зерттеулер мен әзірлемелер дайындап, ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерінің бар екендігін баса айтады.

Елбасы ұсынған елімізді өркендетудің жеті бағыты да маңызды. Оның ішінде төртінші бағыт білім саласының қызметкерлері, біздер үшін, өте маңызды болып табылады. Ол — жоғары білімді ұлт қалыптастыру қажеттігі. Бұл бағыт білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарға жаңа міндеттер жүктейді. Оқыту әдістемелерін жаңғырту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиістігі заман талабы. Жаңа заман